ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 13 желтоқсан №2/15601/2024 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Қ.Қанбаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Динара» жеке кәсіпкері Пердебекова Динара Бақдәулетқызы, «Рахметов М.Ш.» жеке кәсіпкері Рахметов Мирас Шамқанұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, судья

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының талабы ішінара қанағаттандырылсын.

«Динара» жеке кәсіпкері Пердебекова Динара Бақдәулетқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын және жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге іс бойынша мемлекеттік баж өндірілсін.

Талаптың «Рахметов М.Ш.» жеке кәсіпкері Рахметов Мирас Шамқанұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану бөлігі қанағаттандырылусыз қалдырылсын және жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге іс бойынша мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкерлер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы сотқа арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурордың апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Қанбаев

Құжатқа қол қойылған: Қанбаев А. К., 13.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.01.2025, судья Жетибаев Ж. К., 24.01.2025

7119-24-3-1/15308